

¹Әбдігапбарова Ұ.М., ²Санбаева Б.Ж.

¹п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
²магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ
ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМІН ДАМУДАҒЫ ОРНЫ**

Мақалада жасөспірімдердің оқырмандық өзіндік сана-сезімін дамытудағы қазақ әдебиетінің орны, жасөспірімдік шақтың ерекшелігі, өзіндік сана-сезімі, оқырмандық сана-сезімі қарастырылған. Оқырмандық сананың жақсы дамуы барысында оқырман ойланады, оның кітап жайлы пікірі – жалғыз және абсолютті шындық. Бұл өзін тәрбиелеуге, оқытуға, тұлғалық байланыстың ең биік деңгейіне өтуіне көмектесетін орта шындығының жалпылама мәнді өзгертуге итермелейді (кез келген формада). Өмірлік әрекетте бұндай көріністің болуынсыз өмірдегі оқырмандық қызмет әлеуметтік мәнінен және саналы әлеуметтік қасиеттен айырылады. Көптеген зерттелушілер өзіндік сана-сезімді – адамның өзін тануын, өзіне деген эмоционалды-құндылықты қатынас, тұлғаның мінез-құлқын өзіндік реттеу және өзіне деген қатынастарын қамтитын процесс деп қарастырады. Жасөспірімдердің дамуы оның өзіндік сана-сезімінің кемелденуі процесінде жүзеге асады: Ол өзінің әрекеттерін өкіну, ойлану арқылы ұғынады; ішкі конфликтінің себептерін ұғынып, өзінің ішкі әлемін тани отырып адам басқаларды жетік түсінеді, ол өз таңдауларын еркін жасайды, іс-әрекет атқаруда шығармашылық тұрғыдан келеді. Жасөспірімдерді және өзіндік сана-сезімді зерттеген ғалымдарымыз көп және олардың ойымен келісе отырып біз өзіміздің жасөспірімдік өзіндік сана-сезімін дамытуды қарастырамыз. Ал енді осы тақырыпты зерттей отырып жасөспірімдеріміздің оқырмандық өзіндік сана-сезімін дамытсақ қана ұрпағымыздың өскелең білімді жастарын тәрбиелей аламыз.

Түйін сөздер: жасөспірім, оқырмандық сана-сезім, өзіндік сана-сезім, қазақ әдебиеті.

¹Abdigapbarova U.M., ²Sanbaeva B.J.

¹Doctor of Pedagogy, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,

²Master, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

**The Role of the Kazakh Literature in the Development
of Reader Identity in Adolescents**

The article is devoted to the problem of the place of Kazakh literature in the development of adolescents' readership identity. Features of adolescence, self-esteem, feelings of literary consciousness. The reader thinks about the good development of the reader's consciousness, his opinion about the book is the only and absolute truth. This encourages a change in the community environment, which helps to educate her in education, teaching and transition to the highest level of personal communication (in any form). Without the existence of such a phenomenon in life, reader service in life is deprived of social significance and conscious social superiority. Many researchers view self-awareness as a process involving self-awareness, self-esteem, self-regulating behavior, and self-esteem. Personality development is carried out in the process of improving self-awareness. We have many scientists who have investigated self-awareness and adolescents, agreeing with their opinions, we are moving our research on the adolescent self-awareness of readers. Now we are exploring the readers self-awareness of adolescents we are making our future.

Key words: teenager, reader self-consciousness, self-consciousness, Kazakh literature.

¹Абдигалбарова У.М., ²Санбаева Б.Ж.

¹д.пед.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,

²магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

Роль казахской литературы в развитии читательского самосознания у подростков

В статье рассматривается место казахской литературы в развитии читательского самосознания подростков. Особенности подросткового возраста, самооценки, чувства литературного сознания. Читатель думает о развитии читательского сознания, его мнение о книге – единственная и абсолютная истина. Это поощряет изменение общности среды, которая помогает воспитывать ее в образовании, преподавании и переходе на высший уровень личного общения (в любой форме). Без существования такого феномена в жизни читательское служение в жизни лишается социальной значимости и сознательного социального превосходства. Многие исследователи рассматривают самосознание как процесс, включающий самосознание, саморегулирующееся поведение и самооценку. Развитие личности осуществляется в процессе совершенствования самосознания. У нас много ученых, которые исследовали самосознание подростков. Авторы, исследуя читательское самосознание у подростков, вносят большой вклад в будущее.

Ключевые слова: подросток, читательское самосознание, самосознание, казахская литература.

Кіріспе

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, өзіндік сана-сезімі, жаңаны қабылдай білуі. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: бәсекелестікке қабілет, ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті. Ендеше болашақ ұрпағымыздың қазақ әдебиетіне деген оқырмандық сана-сезімін дамыту арқылы, жасөспірімдердің білімге, жаңашылдыққа деген қызығушылығын ояту өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Жасөспірімдердің оқырмандық сана-сезімінің дамуы мен қалыптасу мәселелерін зерттеу ғылыми білімнің әртүрлі типтерін қолдануды талап етеді (философиялық, әлеуметтік-психологиялық, эстетикалық), себебі ол тәртіп аралық болып табылады және оның шешімі басқа ғылымдардың көмегінсіз мүмкін емес. «Өзіндік сана» категориясының өзі де мағынасының төңірегіндегі әрбір ғылымға қатысты тәрбие аралық дәрежені иемденіп отыр. Бұл зерттеліп отырған мәселенің қорытындысы философиялық, әлеуметтік-психологиялықтан бастап педагогикалық, әдістемелік эстетика деңгейіне дейін іске асыруды талап етеді. Оқушылардың оқырмандық сана-сезімінің дамуы мен қалыптасуына педагогикалық білім беруге қатысты басқа да ғылым түрлерінің материалдары орташа деңгейде қолданылады. Философияның, психологияның, эстетиканың, филологияның, педагогиканың және әдістеменің өзара шығармашылық байланысы маңызды болып келеді.

Көптеген зерттелушілер өзіндік сана-сезімді – адамның өзін тануын, өзіне деген эмоционалды-құндылықты қатынас, тұлғаның мінез-құлқын өзіндік реттеу және өзіне деген қатынастарын қамтитын процесс деп қарастырады.

Тұлғалық өзіндік сана-сезім – психология ғылымының ең бір қызықты және күрделі мәселелерінің бірі. Ол ерте заманнан бастап, осы күнге дейін адамзат көңілін аударып келеді, өйткені, адамдарды әрқашан өмір мағынасы мәселесі толғандырып, олар өзін және өзгелерді түсінуге ұмтылған. Адамдардың өзара әрекеттесуінде нормалар мен заңдылықтар өңделіп, олар кейін мінез-құлықтың ішкі регуляторына айналып отырған. Адамда осы ішкі ережелер мен нормаларға бағынуға деген қажеттілік қалыптасты. Біртіндеп ар-ұят, адамдық борыш, жауапкершілік туралы түсінік қалыптаса бастады. Бұл адамды нақты жағдайлардан, өзі тиісті адамдар тобынан тәуелсіз етті. Басқаша айтсақ, индивид тұлғаға айналды.

Адамның өзіндік сана-сезімі барлық қоршаған ортаның ішінен өзін ерекшелейді, табиғи және қоғамдық ортаның ішінен өз орнын анықтайды. Өзіндік сана-сезім өзіне толықтай жауапкершілік ретінде артылған әрекеттерін бақылау қызметінен талап етілетін, өмір сүру ерекшелігінің әсерінен белгілі даму сатысын анықтауына қарай қалыптасады. Байланыстың шектігі болып есептелетін адамның өзіне деген көзқарасы бойынша ең алдымен басқа адамдар қарап, мән береді, өзіндік сана-сезім барлық тіршілік бойынша терең қоғамдық танымға ие. Философ Э.В. Ильенковтың байқауынша «өзіндік сана-сезім, спецификалық адамның қасиеті

– тұлға атрибуты, сондықтан оның қорытындысы толықтай психологиялық қызығушылық аймағына кіреді. Алайда өзіндік сана-сезім фактісін қарапайым өзіндік сезіммен салыстыруға, біріктіруге келмейді».

А. Белый 1920 жылы өзінің «Мәдениет философиясы» еңбегінде өте қызықты философиялық талқылау мен қорытынды жасады. Оның есептеуінше, «мәдениет – «Мен» сөзін түсінудің даму барысы» болып есептеледі.

Психологиялық әдебиетте өзіндік сана-сезім жайлы түрлі пікірлер айтылады. В.В. Юрчуктың түсінудің өзіндік сана-сезім «тұлғаның өз мақсаттарын жекелей түсінуі: тапсырма – қажеттілік – қызығушылық – ниет және әрекет мотиві; кондиция-матрица – өзіндік сана-сезім моделі бейнеленеді – өзінің субъективті потенциясымен индивидтік эмоционалды-сезімталдық-мотивациялық бағалауы...» (Белый, 1986).

Ал М.И. Еникеева мен О.Л. Кочеткова бойынша, «өзіндік сана-сезім – индивидті өзінің ортамен байланысын сипаттайды, өзіндік Менін концептуалды бейнелеуі, өзіне деген қарым-қатынасын қалыптастыруы, өзінің әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтік орнын түсінуі, тұлғалық деңгейі, өз мүмкіндіктерін бағалауы, өзінің мінсіз Менін модельдеуі, басқа адамдардың санасындағы өзінің Менін жақсы жағынан ойлауына ықпал ету».

Біздің байқауымызша, «өзіндік сана-сезім» түсінігі «Мен», «Мен-концепция» және «қарым-қатынас» түсінігімен тығыз байланысты.

Психология жайлы А.Н. Леонтьевтің айтуы бойынша, негізінен былай делінген: «психологиялық «мен» мәселесі біз өзіміз жайлы толықтай не білеміз және осы білетіндеріміз қаншалықты шынайы деген сұрақты өзімізге қойғанда барып пайда болады». Жалпы өзіндік сана-сезім мәселесі – бұл «психологиялық тұлғамен байланысты өмір мәні жайлы мәселе».

Бұл ойды дамыта отырып, А. Леонтьев өзінің «Мен – тұлғадағы соңғы инстанциямын» мақаласында жазады: «Мен – бұл өз тұлғасы жайлы уайымдаудың формасы және сол тұлғаның өзін-өзі ашатын формасы». Бірінші деңгейдегі Мен – нейтралды немесе физикалық Мен; екінші – бұл әлеуметтік рөлдегі Мен; үшінші деңгейдегі Мен – психологиялық Мен (Мен бейнесінің негізі, не болмаса Мен – концепция); төртінші деңгей – бұл өзін белсенді сезіну немесе, керісінше пассив ретінде, өзінің еркін екендігін немесе еркін еместігін уайым ету, жауапкершілік немесе жауапсыздық (кез келген адамның өзі жайлы

алғашқы ойы), экзистенциалды Мен; бесінші деңгейдегі Мен – бұл өзіне деген қатынасы немесе Мен түсінігі. «Өзіндік қатынасты А. Леонтьев былай деп есептейді – ол дайындалған байланыс механизмі болып табылады... ол өзіндік мақсат немесе өзін-өзі бағалау болып есептелмеуі керек». Б. Франкльдың ойымен келісу қиын емес, осыған қатысты Д.А. Леонтьев былай келтіреді: «Егер адам өз-өзіне келемін деп ниеттенсе, оған жетудің жолы достықта жатқанын ұмытпау керек» (Леонтьев, 1983).

Тұлғаның дамуы оның өзіндік сана-сезімнің кемелденуі процесінде жүзеге асады: Ол өзінің әрекеттерін өкіну, ойлану арқылы ұғынады; ішкі конфликтінің себептерін ұғынып, өзінің ішкі әлемін тани отырып адам басқаларды жетік түсінеді, ол өз таңдауларын еркін жасайды, іс-әрекет атқаруда шығармашылық тұрғыдан келеді.

Адам үлкен қасиеттер спекторы және қылықтары арқылы өзін-өзі басқарудың күрделі жүйесі ретінде көрсетеді. Бұл жүйенің өзі тұлға екендігін білдіріп тұр. Ол объективті түрде қоршаған әлеммен өзара барлық жағынан әрекет ететінін көрсете алады. Субъективті түрде ол өзіне ұқсас әлемде немесе ортада «Мен» деген өзінің бар екендігін түсінуші ретінде көрінеді (өзіндік сана-сезім).

Өзіндік сана-сезім – сананың өзінді білуі мен өзіне қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. Өзіндік сана-сезім сыртқы ортаны және өзінің өзінің танудың бейнеленуінен біртіндеп қалыптасады.

Қарым-қатынас үдерісінде адамдар бірін-бірі біліп, біріне-бірі баға береді. Өзгенің осындай бағалауы әр адамның өзін-өзі бағалауынан көрініс танытатын болады.

Шетелдік психологияда өзіндік сананы зерттеу жұмыстары айтарлықтай кең таралғанымен, бұл проблема өзінің тиісті орнына ие болмаған. Өзіндік сана проблемасын «тұлға психологиясын тудырған өмірлік мағынасы зор» проблема деп қарастырған А.Н. Леонтьев оны «ғылыми психологиялық талдаудан тысқары қалған» шешімін таппаған проблема ретінде қарастырады (Леонтьев, 1931).

Шетелдік зерттеушілердің көпшілігі А.Г. Спиркин, И.И. Чеснокова, В.В. Столин өзіндік сана, сана дамуының кезеңі немесе оның дамуындағы жоғары деңгей емес дегенді бір ауыздан айтады. И.И. Чеснокова бұл жайлы былай деп жазады: «өзінің күрделілігі мен дамуы бойынша сана үрдістері өзіндік сана үрдістерінен қалмайды. Осыған орай өзіндік «сананың

бөлінбейтін бір бөлігі. Жағы немесе жақтауы» ретінде қарастырылады» (Намазбаева, 2005).

Сана проблемалары әр түрлі жақтарына жасалынған талдау ішінен кеңес психологиясындағы сана мен іс-әрекет біртұтастығы ұстанымы ерекше орын алады. Бұл ұстанымға байланысты адамның іс-әрекеті оның өзіндік санасының, психикалық үрдістері мен ерекшеліктерінің қалыптасуына себеп болады. Соңғы зерттеулерінде адам іс-әрекетін реттеп отырады және оның дұрыс жүзеге асуының шарты болып саналады деп келтірілген.

Отандық психологияда тұлғаның жалпы құрылымындағы өзіндік санасы оның психикалық іс-әрекетінің күрделі интегративтік қасиеті ретінде қарастырылады. Бір жағынан, ол тұлғаның белгілі бір кезеңдердегі дамуын анықтайтын сияқты болса, екінші жағынан, мінез-құлықты іштен реттеуші ретінде көрінеді.

Л.С. Выготский «өзіндік сана ішке ендіріліген әлеуметтік сана» деп есептейді. Адамның оны меңгеруіне интериоризация негіз болады. Онтогенездің әр түрлі кезеңіндегі өзіндік сананың этнопсихологиялық, жыныстық, жас ерекшеліктерін қарастыратын эксперименттік зерттеулердің бір тобы адам тұлғасының қалыптасуы мен дамуына қатысты кешендік көзқарастар аясында Ж.И. Намазбаеваның басшылығымен жасалуда. Тұлғаның этномәдениеттік ерекшеліктері мен оның өзіндік санасының талдау жасау проблемасы жаңа әлеуметтік жағдайлар барысында маңызды орын алып, психологиялық зерттеулерде көп байқалады (Бабаев, Оңалбек, 2006).

Л.Ф. Обухова өзінің психологиялық зерттеулерінде «Жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жасөспірім жаста қалыптасып қойған туындысы. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшеюі, сыншылдықтың көрінуі ерте жасөспірім жаста сақталады, бірақ олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік сана-сезімінің дамуында айырықша ерекшелігі өзіндік рефлексиясының күштілігінде көрінеді» деген (Обухова, 1996).

Өзіндік сана-сезімді айтқан ғалымдардың пікірлерін ескере отырып өз ойымызды шығарсақ. Яғни өзіндік сана-сезімді жасөспірімдердің бойында дамытатын болсақ, оған міндетті түрде әдеби шығармаларды оқыту арқалы баланың әдеби ойлауын дамыту керек. Ал енді осы жасөспірімдіктің қандай ерекшеліктері бар екеніне тоқталайық.

А.В. Мудрик жасөспірімдік кезеңінің ең басты жағдайы екіжақтылық пен қарама-қайшылық деген. Ең алғаш жасөспірімдердің мінезіндегі бірнеше негізгі қарама-қайшылықтарды амбиваленттілік (екі жақты құбылмалы) пен парадоксальдылық (кенеттен, аяқ астынан) негізінде сипаттаған. Жасөспірімдерде шектен тыс белсенділік аяқ шалысқа, шектен тыс көңілділік уайымға, өзіне сенімділік ұялшақтық пен қорқынышқа, жоғарғы деңгейдегі адамгершілік талпыныстарының күрт төмендеуі ашық қарым-қатынастыққа, өте нәзік сезімталдық апатияға, өткір құштарлық бірбеткейлікке, оқуға деген ынта белгісіздікке, бақылау мен әуестілік сияқты талқылаулар болады. Жасөспірім кезеңінің мазмұнын «өзіндік сана-сезім» кризисі деп сипаттайды. Тек осыны басынан өткізіп, жасөспірім өзіндік дербес сезіміне ие болады (Мудрик, 2000).

Кеңес психологы Д.Б. Эльконин (Эльконин, 1971) жасөспірім кезеңін мәдени-тарихи теорияның ұстанымы негізінде қарастырып, оны психологиялық талдауға әкелді. Ол 11-ден 17 жас аралығын «жасөспірім» кезең деп атап, оны 2 фазаға бөлді: біріншісі 11-15 жас аралығын (орта мектеп кезеңі) қамтыды. Бұл жас кезеңінде қарым-қатынас қоғамға пайдалы әрекет жүйесінде, яғни спорттық, шығармашылық және еңбек тағы басқа жалпы қоғамдық-ұйымдастырулар негізінде іске асырылады деп санады. Бұл әрекеттер арқылы жасөспірім ұжымда қалыптасқан өмір талаптары мен түрлі міндеттерге байланысты, басқа адамдардың жеке сапалық ерекшеліктеріне және саналы түрде белгілі бір талаптарға бағынышты болу сияқты қарым-қатынас қабілетін меңгереді. Екіншісі (ересек мектеп кезеңі), мұнда таным үрдістері және кәсіби қызығушылықтары, өмірлік жоспар құру қабілеті, өзін-өзі тануы, адамгершілік идеалдары негізгі әрекет болып табылады.

Д.Б. Элькониннің көзқарасы бойынша, қоғамдық-пайдалы әрекет жүйесіне қарым-қатынас енгізілген. Бұл әрекет астарында жағымды қарым-қатынасты құру және даму қабілеті жатыр. Бірақ, ғылымның тұжырымдамаларында жасөспірімнің мектептен тыс әрекеті, ішкі әлемі, достық, махаббат жайындағы пікірлері кездеседі.

Ұлы педагог Я.А. Коменский жасөспірім, бұл – балалық шақтан жаңа шыққан, бірақ дамуы мен парасаттылығы жағынан толық жетілмеген – жас адам және бұл кезеңде баланың өзіндігі мен басқа адамдармен қарым-қатынасы бұрынғыдан да маңыздырақ бола түседі, – деп атап көрсетті. Сонымен қатар, осы жауапты кезең-

де адамгершілік нормаларының негіздері, әлеуметтік құрылулары қалыптасып, өзіне және өзгелерге, қоғамға қатынасы айқындала бастайды (Эльконин, 1989).

Жасөспірімдік кезеңнің дамуына бірінші болып назар аударған – Ж.Ж. Руссо болды. Ол өзінің 1762 жылы жарық көрген «ЭМИЛЬ» романында алғаш рет адам өміріндегі бұл кезеңнің психологиялық маңыздылығына үлкен мән берді. Руссо жасөспірім кезеңді «екінші туылу» деп атады.

Бұл идеяның ғылыми өңделгенін С. Холлдың «Взросление: его психология, а также связь с физиологией, антропологией, социологией, сексом, преступностью, религией и образованием» (1904) екі томдық іргелі жұмысынан көруге болады. С. Холлды жасөспірімдер психологиясының «ӘКЕСІ» деп атайды. Сонымен қатар, ол осы кезеңге сипаттама ретінде өз тұжырымдамасын ұсынады.

Жасөспірім кезеңді қарастыруда Э. Шпрангердің теориясы ерекше орынға ие. Ол психиканы дене және рухани деп бөліп қарастырады, басында бұлардың пайда болуы бір-біріне тәуелсіз деп санаған болатын. Жасөспірім кезеңнің қыз балаларда 13-19 жас, ер балаларда (14-22) жас деп қарастырады.

Э. Шпрангердің теориялық ілімдерін Ш. Бюлер жалғастырды. Ол жасөспірім кезеңдегі 2 фазаны көрсетті: негативті (жағымсыз) және позитивті (жағымды). Жасөспірім кезеңі – негативті (жағымсыз) фазаға қатысты. Оның сипаттамаларына мазасыздануы, ашуланшақтығы, агрессивтілігі, өзіндікке ұмтылуы, сезімінің жоғарылауы немесе керісінше күрт төмендеуі, ұялшақтығы және қысылуы жатады. Ш. Бюлер бойынша, бұл фаза қыз балаларда 11-13 жастан, ер балаларда 14-16 жаста басталады (Эриксон, 2000).

Ал енді, осы жасөспірім шақтың оқырмандық санаға әсер етуіне тоқталатын болсақ.

Біріншіден, жасөспірімдік шақтың ерекшелігі, яғни ол (12-14 жас) аралығын алып қарастырсақ:

- Агрессия
- Қызығушылық
- Ересектерге еліктеу
- Бойындағы анатомиялық-физиологиялық өзгерістер
- Жыныстық жетілулер
- Сана-сезімнің қалыптасуы

Екіншіден осы жаңа жетілулер нәтижесінде жасөспірімде мынадай сезімдер көрініс бере бастайды:

- Мазасыздану
- Құштарлық
- Өзін-өзі бағалаушылық
- Көңіл-күйінің өзгеруі
- Эмоциялық тұрақсыздық

Осыларды қорыта келе мынадай тұжырымға келе аламыз, жасөспірім шақтағы баланың қызығушылығын әдебиет сабақтарындағы көркем шығармаларға көңілін бұру арқылы баланың оқырмандық сана-сезімі дамиды және жоғарыда айтылып кеткен мазасыздану деңгейінен құтылып, өзін-өзі бағалаушылық қасиетін арттыруға болады.

Әрбір адамның тұлғалық кәсіби қалыптасуы – түрліше болғанымен, олардың ортақ байланысы жасөспірім кезеңде алған тәрбие-тәлім, біліміне қатысты екенін көре аламыз. Келешекте тұлға болып қалыптасуы үшін қажетті базалық қорының бастауын әр адам осы кезеңде жинақтайды. Бұл процестер тұлғаның психологиялық және физикалық дамуымен қатар жүретіндіктен, жасөспірімдік жастың тұлғаның кәсіби қалыптасу барысында маңызы зор.

Жасөспірімдік кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарындағы өзгерістер. Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталады. Жасөспірімнің дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және тұлғаның азаматтық маңыздылығын нақтылау аяқталады.

Осы факторлар әсерінен жасөспірімнің қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынасы өзгереді. Әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген байланысы қалыптасады. Осы кезең жасөспірімнің үлкендермен мінез-құлықтың барлық аймақтарында тәуелсіздігін көрсетеді. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылысы, белсенді түрде үлкендер арасынан өзі ұқсағысы келетін адамды іздеуі жасөспірімдердегі «идентификацияның» туындауын сипаттайды.

XVIII-XIX ғасыр педагогтары мен әдіскерлерінің прогрессивті тәжірибелерінің қорытындысы олардың бала-оқырманға деген қызығушылығын дәлелдейді. Алайда, оқырмандық қабылдауды оқудағы тұлғалық принципті қолдану оқушының оқырмандық санасының дамуы мен қалыптасу мәселесінің шешімімен байланысты болмаған. Бұл мәселе баланың шығармашылық жалпы күшінен бөлектеніп алынбаған (тіпті ондай термин де болмаған). Сондықтан қандай да бір кең және жалғасы бар

жұмыстың бұл бағыты сабақ беру тәжірибесінен көрінбейді. Алайда, мына себептер ескерілген оқырман санасының оқырмандық белсенділігі мәселесінің шарттарын табу бағытындағы жетістіктерді атап өтуге болады:

– көркемдік талғам мен эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу, әсіресе мәнерлеп оқуға үйретудің тәсілдері арқылы (В.П. Острогорский, В.П. Шереметевский);

– балалардың оқырмандық қабылдауын, балалардың оқитын ортасын, басқарушылықтың принципін зерттеу (Н.И. Новиков, Л.Н. Толстой, Н.А. Рубакин) (Мясищева, 2003);

– «өз ойлауымен, өз оқығанымен және дұрысын айтқанда жемісімен бөлісуге» қабілетті білікті оқырманның қалыптасуы (В.П. Шереметевский, Ц.П. Балталон);

– оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары, эмоционалды және рационалды қабылдау бірлігіне көркем шығарманың пайда болуы кезіндегі бағыты;

– білім берудің белсенді әдістерін іздеу (эвридикалық сөйлесу) (В.Я. Стоюнин);

– мұғалімнің оқушылармен байланысы кезінде байланыстық атмосфера тудыру; (Л.Н. Толстой);

– «күшсіз білім беру» идеясының тәжірибесі бойынша білім беру, жекелей білім беруді қолдану (В.Я. Стоюнин);

– мектеп шығармаларының және басқа шығармашылық жұмыстардың түрлері жүйесінің жасалуы (А.Д. Алферов);

– әдебиетті қабылдау (В.И. Водовозов, В.Я. Стоюнин);

– жұмыстан тыс жұмысты ұйымдастыру (В.П. Острогорский).

Ұстаздар мен білім алушылардың байланысындағы атмосфераны туғызу және қабылдаудағы оқырмандық білім беру сұрағы бізді қызықтырады және зерттелуі біз үшін аса маңызды.

Л.С. Айзерман басында да, кейіннен де әдебиеттің көмегімен оқушының тұлғалық тәрбиеленуіндегі маңызды аспектіні қарастырады. Е.Н. Әдебиет – адамтану деген мағынамен берілген білім бере отырып тәрбие берудің оқу үрдісін құрастырады. И.И. Аркин жеке принципті әдебиеттану мен педагогика арқылы байланыстырғысы келеді (Кожурина, 1990).

Ол практика мен тәжірибені біріктіреді. Бізді қызықтыратын Аркиннің «тәжірибелік әдістемесі» және «мәтіндік» сабақ барлық жерде оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен бірге жүреді. Дәл осы шығармашылық жұмыстардың жүйесі олардың «практикалық әдіс-

темесінде» оқушылардың оқырмандық санасы ретінде көрінеді.

Әдеби шығармашылықтың жеке сипаттамасы мектептік талдауда белгілі авторлық ұстаным ретінде қарастырылады. Сондықтан көптеген зерттеулерде мектептік талдау процесіндегі авторлық позицияның пайда болуы (В.И. Зольникова, М.Г. Качурин, М.А. Шнеерсон, М.А. Беляева, Ю.И. Мизина), шығармадағы мәселелерді зерттеу (В.Г. Маранцман, Т. В. Чирковская және т.б.), оқушыларда зерттеулік тәсілдің қалыптасуы (М.Г. Качурин). Білім беруді зерттеуді түсіну мен ұйымдастыруда қалыптасқан екі тәсіл бар. В.И. Зольникова, М.А. Беляева, Ю.И. Мизин еңбектерінде жаттықтырушы сипаты ғана бар іздеу саласы жайлы ғана айтылады. Оның талаптары бойынша оқушылар әдебиеттанудағы концепциямен таныс болмауы қажет, олар ғылымға көз салып, өздері іздену керек дейді. Алайда бұндай әдіс өзін ақтамауы да мүмкін. Ғылымдағы терминдермен таныспау әдістемеге қарама-қайшы келеді.

Басқа тәсілдің мүмкіндігі мен қажеттілігін қарастырған ғалым – М.Г. Качурин (1983, 1988). Оның ойынша, әдебиетті оқыту барысында өнердің фундаменталды заңдылықтарына бағыну қажет дейді. Біз үшін оның мына ойы маңызды: «әдебиеттен сабақ берудегі зерттеулердің маңызы – бұл оқушының санасының қалыптасуына үлкен көмек. Әдебиет сабақтарында оқушының шығармашылыққа деген сүйіспеншілігі, қызығушылығы артуына әсерін тізетіндей әдістеме ойлап шығару қажет». Мектеп бағдарламасына қосылған түрлі жанрлармен таныстыру барысында түрлі жолдар бар, әдіскерлер әдебиеттің бұл сатысын әртүрлі пікірмен жеткізеді. М.Г. Качурин ойлап тапқан концепция біз үшін жемісті болды, сондықтан біздің зерттеу жұмысымыз соның зерттеу еңбегімен байланысты болмақ.

М.Г. Качурин жазған зерттеуіндегі белгілі ғылыми мағына мектепте әдебиет пәнінен сабақ берумен тығыз байланысты. Белсенді және тұрақты жақтастарының бірі Я.С. Билинкис (1974, 1977, 1986) болды. Әдебиеттанушыны орыс классикасы рухани дамып жатса да, әсіресе ережелердің іске аспауына алаңдады. Оның жаңа форма іздеуі қажет емес екендігі жайлы пікірі дұрыс.

Әдебиет әдістемесінде бұндай ізденістер болған, болады да. Олардың зерттеулері үнемі дұрыс әрі тиімді бола бермейді, оның тиімсіз, кері жақтары да болып жатады.

Олардың бірін Л. Крупиной (1981, 1983) еңбектерінен табуға болады. Н.Л. Крупина көр-

кем туынды жайлы эстетикалық талқылауларды қалыптастыруды ұсынады (Менчинская, 1998).

«Екі еселенген баға» феноменін еске түсірсек, Н.Л. Крупиной ұсынған жұмыс әсерлі болмақ.

20 жылдардан бері эстетикалық қабылдауды қалыптастырудың бірден-бір тәсілі әдеби экскурсия болды.

Көпшілік әдіскерлердің пікірінше, әдеби саяхат жайлы көптеген ауқымды методикалық және педагогикалық әдебиеттер болса да, оның мәні қазір де өз қалпында. Г.Л. Ачкасова әдеби-саяхаттық жұмысты түсінудің дәстүрлі, өзгеше, ерекше түрін ұсынады: «саяхат пен соған ұқсас әдістер арқылы оқушыларды белгілі автордың көзі арқылы әлемге қарап көруге мүмкіндік туындайды» (Кларин, 1994). Г.Л. Ачкасова зерттеулерінің ішінен біз үшін маңыздысы: «әлемге суретшінің көзімен қарау... оны іске асыру үшін әдебиеттің бар көркемдеуішін жан-жақты пайдалана білу керек» (Петрова, 1973). Бір сөзбен айтқанда, оқушы сол кезде ғана автордың көзқарасын, оның әлемін түсіне бастайды. Әдіскер тағы да атап өтеді, әдеби экскурсия оқушының рухани құндылықтарына әсер етеді.

Тұлғаның саналы байланысы өзінің оқырмандық бағытына, квалификациясына, эстетикалық талғам деңгейіне қатысты өзін-өзі бағалау оқырманның дамуына, өзгеруіне, оқырмандық санасын дамытуға алып келеді. Алайда, ол толықтай көркем әдебиет туындыларында тұлғаның байланысынан бөлек дамуы мүмкін емес, себебі тұлғаның оқырмандық даму деңгейі де, оқырмандық бағыты да, эстетикалық талғамы да – интегралды сипаттамалар болып табылады.

Жасөспірімдердің оқырмандық қызығушылықтарын дамытудың негізіне А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.И. Слободчиков, Н.Е. Щуркова сынды зерттеуші ғалымдардың ұсынған, іс-әрекеттік әдістері мен қарым-қатынас тәрбиесінің негізгі ұстанымы алынған:

- Сезімдік даму кезеңдерін ескеру ұстанымы;
- «Жақын арадағы даму аймағын анықтау» ұстанымы және оқушылардың сыныптастарымен бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру;
- Кез келген іс-әрекет түріне жоғары мотивация болуы;
- Кез келген іс-әрекет міндетті жауапты болуы;
- Іс-әрекет түрлерін басқару ұйымдастырудағы ынтымақтастың ұстанымы;
- Қарым-қатынас ұстанымы (Горева, 1984).

Жасөспірімдердің оқырмандық сана-сезімін қалыптастыру проблемасы барлық уақытта да педагогтардың (Г.И. Белинский, Л.В. Беляков,

Н.А. Бодрова, И.И. Ганиская, К.Ф. Нұрмахаметова, Т.А. Наумова, А.Т. Тамаев және т.б.) арнайы зерттеу нысаны болып отырған. Олардың тұжырымдамасы бойынша, ақыл-ой қабілеті саналы түрде танымдық іс-әрекеттерге тартылған жағдайда ғана нәтижелі болады. Демек, мектепте оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуде олардың оқырмандық сана-сезімін арттыру шараларын ұйымдастырып отырып, саналы танымдық іс-әрекеттерге тарта аламыз.

Оқырмандық қызығушылықтың қалыптасуының бір көрінісі оқырмандылық құзыреттілік болып табылады. *Оқырмандық құзыреттілік* деп кітап әлеміне еркін бағдарлай білуге мүмкіндік беретін білім, іскерлік пен дағдылар жиынтығынан және библиографикалық сауаттылық пен көркем шығарма оқуға оң көзқарасты түсінеміз.

Қызығушылықтың басты белгісі ретінде кітап оқуға оқушының белсенді танымдық бағыттылығын атауға болады. Сонымен бірге кітап оқуға деген шынайы эмоцияналды қарым-қатынастың болуы, оқушы үшін тартымды іс-әрекеттегі шығармашылық көріністер аса маңызды мәнге ие.

Жасөспірім қабілетінің әдеби білім беруімен психологиялық үйлесімділігін зерттеген В.П. Ягункова арнаулы қабілеттің құрамдас бөлігі ретінде шығармашылық қабілет болуы қажет деп есептеді. Шығармашылық қабілет жасөспірімдердің дүниетанымын кеңейтуіне, рухани күш-қуатының жан-жақты жетілуіне, ойлау қабілетінің дамуына айрықша ықпал етеді деп атап өткен. Енді осы жоғарыда айтылып кеткен ойлардың барлығын түйіндейтін болсақ. Өзіндік санаға тоқталған А.Г. Спиркин, И.И. Чеснокова, В.В. Столин атты ғалымдардың еңбектерін ескере отырып, өзіндік сананың дамуы барысында оқырмандық сананың бірге дамитыны, әсіресе ол жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік сана-сезімнің дамуы баланың оқуға деген қызығушылығы, жаңаны білуге деген талпынысы осы оқырмандық сана-сезімді дамытатынын А.В. Мудриктің еңбектерінен де көруге болады. В.П. Ягункованың зерттеуін ескеретін болсақ, жасөспірімдік шақ баланың шығармашылыққа көңіл аударуы, рухани дамуы, осының барлығы қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдердің оқырмандық өзіндік сана-сезімін дамытады.

Оқырмандық сананың жақсы дамуы барысында оқырман ойланады, оның кітап жайлы пікірі – жалғыз және абсолютті шындық. Бұл өзін тәрбиелеуге, оқытуға, тұлғалық байланыстың ең биік деңгейіне өтуіне көмектесетін орта шындығының жалпылама мәнді өзгертуге итермелейді

(кез келген формада). Өмірлік әрекетте бұндай көріністің болуынсыз өмірдегі оқырмандық қызмет әлеуметтік мәнінен және саналы әлеуметтік қасиеттен айырылады.

«Өзіндік сана-сезім» пәнаралық пән санаты. Ол философия, психология және педагогика саласында жеткілікті түрде зерттеледі (Э.В. Ильенков, А.Н. Леонтьев, Д.А. Леонтьев, И.С. Кон, В.В. Давыдов ж.т.б.). Оқырман психологиясын библиология және көркемдік қабылдау психологиясы арқылы зерттеуге көп көңіл бөлінеді.

Дегенмен, аталған ғылымдардың ешқайсысы «оқырманның өзіндік сана-сезім» түсінігін және оқырманның психологиясының бұл компонентін нақты анықтамаған. Бұдан басқа, әртүрлі жастағы топтардың оқырманның өзіндік ерекшеліктері айқын емес. Осыған байланысты санаттағы әдіснамалық ғылымда көрсетілген. Біз оқырманның өзіндік сана-сезімін оқырман

ретінде әдебиет әлеміндегі «эго» түсіну мен бағаландыру ретінде анықтадық.

Біздің ойымызша, оқырманның өзіндік сана құрылымы мыналарды қамтиды:

Оқырманның жеке тұлғасы туралы хабардар болуы;

Оқырманның даму деңгейіне (оқырман біліктілігі) саналы түрде қарау;

Оқырман ретінде тарихи-әдеби процестегі қатысушы ретінде бағалау;

Оқырманның өзіндік сана-сезімін дамыту критерийлерін қарастырамыз;

Өзінің оқу жұмыстарына көрсетілетін қажеттілік;

Эстетикалық негізде коммуникативтік қызметтің қажеттілігі.

Екі талап біздің көзқарасымыздан оқырманның өмірлік белсенділігіне оқырманның өзіндік сана-сезімінің нақты көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер

- Белый А. Белый. Философия культуры // Философия и социология науки и техники. Ежегодник 1986-1987. – М.: Наука.
- Мясищева В.Н. Психологическая концепция личности в трудах. – М., 2003.
- Кожурин Л.И. Открыть в ученике «автора» собственной личности // Литература в школе. – 1990. – №24. – С. 56-62
- Менчинская Н.А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка/Под ред. Е.Д. Божович. – М.-Воронеж.
- Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М.: Арена, 1994.
- Петрова Г.А. Эстетическое восприятие художественных произведений школьниками старших классов. – Изд-во Казанского университета. 2014
- Горева Г.Н. Методика определения уровней литературно-художественного вкуса и восприятия художественного текста // Психология чтения и проблемы типологии читателей: сб. научных трудов, 1984.
- Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность // Избранные психологические произведения: В 2 т. Т. 2. – М., Педагогика, 1983.
- Леонтьев А.Н. Развитие памяти. – М., 1931.
- Намазбаева Ж.И. «Психология». – Алматы, 2005.
- Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы, 2006.
- Обухова Л.Ф. Детская (возрастная) психология. 1996.
- Мудрик А.В. Социальная педагогика. – М., 2000.
- Эльконин Д.Б. Избранные педагогические труды. – М., 1989.
- Эриксон Э.Г. Детство и общество. – М.: Летний сад, 2000.

References

- Babayev S.S, Onalbek .J.C (2006) Zhalpy pedagogika [General Pedagogy]. Almaty .[Almaty]
- Bely A. (1986-1987) A. Belyj. Filosofija kul'tury [A. Bely. Philosophy of Culture Philosophy and Sociology of Science and Technology]. Ejegodnik [Yearbook]. M: Arena, 254 p.
- Elkonin D.B.(1989) Izbrannye pedagogicheskie trudy. [Selected pedagogical works]. M:Arena, 315 p.
- Erikson, E.G (2000) Detstvo i obshhestvo [Childhood and Society]. Pub.: Letni sad, 210 p.
- Goreva G.N.(1984) Metodika opredelenija urovnej literaturno- hudozhestvennogo vkusa i vospriyatija hudozhestvennogo teksta [Methods for determining the levels of literary and artistic taste and perception of a literary text]. Psihologija chtenna i problemy tipologii chitatelei.Sb.nauchnyh trýdov. [Psychology of reading and problems of the typology of readers. Sat. scientific works].
- Klarin M.V.(1994) Innovacionnye modeli obuchenija v zarubezhnyh pedagogicheskikh poiskah [Innovative learning models in foreign pedagogical searches]. M.: Arena
- Kozhurina L.I.(1990) Otkryt' v uchenike «avtora» sobstvennoj lichnosti [Open in the student's "author" self]. Literatýra v shkole [Literature in school].
- Leontyev A.N.(1983) Dejatel'nost'. Soznanie. Lichnost' [Activity. Consciousness. Personality] Selected Psychological Works, V. 2. M., Pedagogy.

- Leontyev A.N.(1931) Razvitie pamjati [Raising the memory]. M.Academy
- Menchinskaya H.A.(1998) Problemy obuchenija, vospitanija i psihicheskogo razvitija rebenka [Problems of education, education and mental development of the child] Ed. E.D. Bozhovich. M., Arena.
- Mudrik A.V. (2006) Social'naja pedagogika [Social pedagogy].M, 312 p.
- Myasishchev V. N.(2003) Psihologicheskaja koncepcija lichnosti v trudah [Psychological concept of personality in the works]. M: Arena
- Obukhova .L.F (1996) Detskaya (vozrastnaja)[Children (Incentive)] Psihologija [Psychology].
- Petrova G.A.(1973) Jesteticheskoe vosprijatie hudozhestvennyh proizvedenij shkol'nikami starshih klassov [Aesthetic perception of works of art by high school students]. Izd-vo Kazanskogo yuniversiteta. [Publishing house of Kazan University].
- Zh.I. Namazbayeva (2005) Psihologija [Psychology] Pub.: Almaty